

Шеңгелді ауылдық округінің «Шеңгелді» елді мекенінде малдардың сарып ауруына шалдығуына байланысты шектеу қою туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 29 шілдедегі N 773 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Қапшағай қаласының Әділет басқармасында 2009 жылдың 17 тамызында N 2-2-88 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 06 сәуірдегі N 352 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімдігінің 2010.04.06 N 352 Қаулысымен

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасы "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабы 2-тармағының 9-тармақшасына сәйкес, Шеңгелді ауылдық округінің "Шеңгелді" ауылындағы малдарының сарып ауруына жол бермеу жөніндегі Қапшағай қалалық аумақтық инспекциясы бастығының 2009 жылғы 25 маусымдағы N 1-18-26 ұсынысын қарай келе, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шеңгелді ауылдық округінің "Шеңгелді" елді мекенінде малдардың сарып ауруына шалдығуына байланысты шектеу қойылсын.

2. Сарып ауруының ошақтарын жою және мал басын сауықтыру жөніндегі іс-шаралар жоспары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жүргізу қала әкімінің орынбасары Е. И. Е сп о л о в қ а жү к т е л с і н .

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Қала әкімі</i>	<i>Н. Таубаев</i>	
Шеңгелді	ауылдық	округінің
"Шеңгелді	елді	мекенінде
малдардың	сарып	ауруына
шалдығуына	байланысты	шектеу
қою	Қапшағай	қаласы
әкімдігінің	2009	жылғы
29	N	773
шілдедегі		қаулысына
қосымша		

Сарып ауруының ошақтарын жою және мал басын сауықтыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

N	Іс-шараларының аталуы	Орындау мерзімі	Орындауға жауаптылар
1	Шенгелді ауылдық округінің "Шенгелді" елді мекенінде малдарының толық есебін жүргізу	2009 жылдың қазан айына дейін	"Қапшағай қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі
2	Өлген малдарды тастайтын шұңқырды осы елді мекенінде жасау	тұрақты түрде	"Қапшағай қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі
3	Сарып ауруымен ауырған малдарды тез арада табыннан аластау	3 күн ішінде	Мал дәрігерлік инспекторы, кәсіпкер мал дәрігері, мал иелері (келісім бойынша)
4	Ауру шыққан малдарды мал иелерінен алып өртеу және жойылуын қамтамасыз ету	ауру шыққан мерзімде	Мал дәрігерлік инспекторы, кәсіпкер мал дәрігері, мал иелері (келісім бойынша)
5	Мал тұрған қоралар мен аулаларды қидан тазарту және арнайы дәрілермен залалсыздандырудан өткізу	тез арада	Мал дәрігерлік инспекторы, кәсіпкер мал дәрігері, мал иелері (келісім бойынша)
6	Ауру шыққан ауладағы қалған малдардан 20-25 күн сайын қан алынып, екі қайтара таза шыққанша сарып ауруына тексерілуін қамтамасыз ету	тұрақты түрде	Мал дәрігерлік инспекторы, кәсіпкер мал дәрігері, мал иелері (келісім бойынша)
7	Мал ауруы шыққан ауладағы адамдардың сарып ауруына тексерілуін жүргізу	тұрақты түрде	Қапшағай қалалық мемлекеттік санитарлы эпидемиологиялық қадағалау басқармасының мамандары және мал дәрігерлік инспекторы, мал дәрігерлік мамандар (келісім бойынша)
8	Тұрғындар арасында сарып ауруына қарсы шаралар жөніндегі насихат жұмысын жүргізу	тұрақты түрде	Қапшағай қалалық мемлекеттік санитарлы эпидемиологиялық қадағалау басқармасының мамандары және мал дәрігерлік инспекторы, мал дәрігерлік мамандар (келісім бойынша)